


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(13)2026



ӘОЖ 069.5

**ҚАЗАҚ ЕР-ТОҚЫМДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТАЛДАУ
(АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ ҚОРЫ НЕГІЗІНДЕ)****Қ.А. Талжанов**

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі (Қазақстан)

Андатпа. Мақалада Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған ер-тоқымдар кешені тарихи-мәдени тұрғыдан кешенді түрде талданады. Зерттеу нысаны ретінде ғұн дәуіріне жататын археологиялық ер-тұрман үлгілері, ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басындағы дәстүрлі қазақ ерлері, кеңестік кезеңдегі ат-әбзелдері, сондай-ақ ашамай мен тоқым сияқты қосалқы бұйымдар қарастырылды. Ер-тоқымдардың құрылымдық ерекшеліктері, жасалу технологиясы, қолданылған материалдары мен көркемдік безендірілуі негізінде олардың функционалдық, әлеуметтік-статустық және символдық мәні айқындалады.

Зерттеу барысында ер-тоқымдардың қазақ халқының көшпелі өмір салтына бейімделген материалдық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі екені, олардың әскери іс, салт міну мәдениеті, әлеуметтік иерархия және дүниетаныммен тығыз байланыста қалыптасқаны анықталды. Сонымен қатар музей қорындағы ер-тоқым үлгілерінің аймақаралық мәдени сабақтастықты, тарихи жадыны және дәстүрлі қолөнердің эволюциясын айқындайтын құнды дереккөз ретіндегі маңызы көрсетілді. Мақала материалдары қазақ этнографиясы, музейтану және мәдени мұраны сақтау салаларындағы ғылыми зерттеулерді толықтыруға бағытталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Зерттеудің негізгі материалдық дереккөздерін Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізгі қорларында сақталған ер-тоқымдар, ат-әбзелдері, олардың инвентарлық құжаттары (НҚТ, ГКП), сондай-ақ экспедициялық және ауызша тарихи мәліметтер құрады. Сонымен қатар археологиялық қазбалар барысында табылған ғұн дәуіріне тән ер-тұрман кешендері, музейлік реконструкция нәтижелері және салыстырмалы этнографиялық материалдар пайдаланылды.

Зерттеу барысында тарихи-мәдени талдау, типологиялық салыстыру, сипаттамалық және құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Ер-тоқымдардың құрылымдық ерекшеліктерін айқындауда формалық-морфологиялық әдіс, ал көркемдік безендірілуі мен семантикалық мағынасын ашуда өнертанулық және символдық талдау тәсілдері пайдаланылды.

Сондай-ақ аймақаралық салыстырмалы әдіс арқылы Ақтөбе өңіріндегі ер-тоқым үлгілері Шығыс, Орталық Қазақстан және Моңғолия аумағында таралған дәстүрлі ат-әбзелдерімен салыстырылып, олардың мәдени сабақтастығы мен ерекшеліктері анықталды. Зерттеу нәтижелері музейтану мен этнография салаларындағы ғылыми айналымға енгізу мақсатында жүйеленді.

Тірек сөздер: Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі, ер-тоқым, ат-әбзелдері, ғұн дәуірі, қазақтың дәстүрлі мәдениеті, көшпелі өркениет, материалдық мәдениет, музей қоры, этнография, салт міну мәдениеті.

Сілтеме жасау үшін: Талжанов Қ.А. Қазақ ер-тоқымдарының түрлері: тарихи-мәдени талдау (Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қоры негізінде) // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), 47-61 бб. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.06

ВИДЫ КАЗАХСКИХ СЕДЕЛ: ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ АНАЛИЗ (НА ОСНОВЕ ФОНДОВ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ)

К.А. Талжанов

Актюбинский областной историко-краеведческий музей (Казахстан)

Аннотация. В статье комплексно с историко-культурной точки зрения анализируется коллекция седел, хранящихся в фондах Актюбинского областного историко-краеведческого музея. В качестве объекта исследования рассматриваются археологические образцы конского снаряжения хуннского периода, традиционные казахские седла конца XIX – начала XX века, конские упряжи советского периода, а также вспомогательные изделия, такие как ашамай и тоқым. На основе конструктивных особенностей, технологий изготовления, использованных материалов и художественного оформления выявляется их функциональное, социально-статусное и символическое значение.

В ходе исследования установлено, что седла являются важнейшей составляющей материальной культуры казахского народа, адаптированной к кочевому образу жизни, и формировались в тесной взаимосвязи с военным делом, культурой верховой езды, социальной иерархией и мировоззрением. Кроме того, показана значимость музейных образцов седел как ценного источника, отражающего межрегиональную культурную преемственность, историческую память и эволюцию традиционного ремесла. Материалы статьи направлены на расширение научных исследований в области казахской этнографии, музееведения и сохранения культурного наследия.

Материалы и методы исследования. Основными материальными источниками исследования послужили седла и конское снаряжение, хранящиеся в основных фондах Актюбинского областного историко-краеведческого музея, их инвентарная документация (НКТ, ГКП), а также экспедиционные и устно-исторические сведения. Кроме того, были использованы материалы археологических раскопок с находками конского снаряжения гуннского периода, результаты музейных реконструкций и сравнительные этнографические данные.

В процессе исследования применялись методы историко-культурного анализа, типологического сравнения, описательного и структурного анализа. Для выявления конструктивных особенностей седел использовался формально-морфологический метод, а для раскрытия художественного оформления и семантического значения – искусствоведческие и символические методы анализа.

Также с помощью межрегионального сравнительного метода образцы седел Актюбинского региона были сопоставлены с традиционными конскими упряжами, распространёнными на территориях Восточного и Центрального Казахстана, а также Монголии, что позволило определить их культурную преемственность и региональные особенности. Результаты исследования систематизированы с целью введения в научный оборот в области музееведения и этнографии.

Ключевые слова: Актюбинский областной историко-краеведческий музей, седло, конское снаряжение, гуннский период, традиционная культура казахов, кочевая цивилизация, материальная культура, музейный фонд, этнография, культура верховой езды.

Для цитирования: Талжанов К.А. Виды казахских седел: историко-культурный анализ (на основе фондов Актюбинского областного историко-краеведческого музея) // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), с. 47-61. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.06

TYPES OF KAZAKH SADDLES: HISTORICAL AND CULTURAL ANALYSIS (BASED ON THE FUNDS OF THE AKTOBE REGIONAL MUSEUM OF LOCAL LORE)

Q.A. Talzhanov

Aktobe Regional Museum of History and Local Lore (Kazakhstan)

Abstract. The article provides a comprehensive historical and cultural analysis of the collection of saddles preserved in the holdings of the Aktobe Regional Museum of History and Local Lore. The objects of the study include archaeological saddle and harness specimens dating to the Hunnic period, traditional Kazakh saddles from the late 19th to the early 20th centuries, horse equipment from the Soviet period, as well as auxiliary items such as *ashamai* (children's saddles) and saddle pads (*toqym*).

Based on the analysis of constructional features, manufacturing technologies, materials used, and artistic decoration, the functional, social-status, and symbolic significance of the saddles is revealed. The study demonstrates that saddles constitute an essential component of the material culture adapted to the nomadic way of life of the Kazakh people and that they developed in close connection with military practices, equestrian traditions, social hierarchy, and worldview. Furthermore, the article highlights the importance of the museum's saddle collection as a valuable source for understanding interregional cultural continuity, historical memory, and the evolution of traditional craftsmanship. The research materials contribute to scholarly studies in the fields of Kazakh ethnography, museology, and cultural heritage preservation.

Research materials and methods. The primary material sources of the study consist of saddles and horse equipment preserved in the main collections of the Aktobe Regional Museum of History and Local Lore, their inventory documentation (Main Inventory Book, State Catalog of the Museum Fund), as well as expeditionary data and oral historical accounts. In addition, Hunnic-period saddle complexes discovered during archaeological excavations, museum reconstructions, and comparative ethnographic materials were utilized.

The research employed methods of historical and cultural analysis, typological comparison, descriptive and structural analysis. Formal and morphological methods were used to identify constructional features of the saddles, while art-historical and symbolic analysis techniques were applied to interpret their artistic decoration and semantic meanings.

An interregional comparative approach was also applied, comparing saddle specimens from the Aktobe region with traditional horse equipment distributed in Eastern and Central Kazakhstan and Mongolia, allowing for the identification of cultural continuity and regional characteristics. The research results were systematized with the aim of introducing them into academic circulation within the fields of museology and ethnography.

Keywords: Aktobe Regional Museum of History and Local Lore, saddle, horse equipment, Hunnic period, traditional Kazakh culture, nomadic civilization, material culture, museum collection, ethnography, equestrian culture.

For citation: Talzhanov Q.A. Types of Kazakh saddles: historical and cultural analysis (based on the funds of the Aktobe Regional Museum of Local Lore) // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), pp. 47-61. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.06

Кіріспе. Музей – көне мұраны сақтаушысы ғана емес, сонымен қатар өзінің қойнауында жинақталған және экспозициялық залдарында қойылған тарихи жәдігерлері арқылы жас келушілердің тұлғалық қалыптасуына ықпал ететін маңызды мәдени-танымдық орта болып табылатыны сөзсіз. Музей кеңістігінде ұсынылған әрбір жәдігер келушілердің тарихи санасын қалыптастырып, олардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыруға қызмет етеді.

Музей елдің, жердің белгілі тарихи тұлғаларына қатысты жәдігерлерді сақтау және көпшілікке ұсыну арқылы олардың тарихтағы есімдерінің өшпеуіне, рухани мұрасының мәңгілікке сақталуына айрықша ықпал етеді. Бұл тұрғыда музей тарихи жадыны

жаңғыртатын және ұлттық бірегейлікті нығайтатын әлеуметтік институт ретінде маңызды рөл атқарады.

Музей келушілері өткен тарих пен мәдениетті тікелей көзбен көрмесе де, оларды жәдігерлері арқылы санасында елестетуге мүмкіндік алады. Экспозициялық материалдар тарихи оқиғалар мен мәдени құбылыстарды көрнекі түрде ұсыну арқылы өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты нығайтады. Осы тұрғыдан алғанда музей – өткен мен бүгінді жалғаушы, тарихи жадыны жаңғыртушы әрі қоғамның мәдени дамуына қызмет ететін маңызды әлеуметтік институт.

Талқылау және нәтижелер. Қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениетінде жылқы және оған қатысты бұйымдар ерекше орын алады. Көшпелі өмір салты жағдайында жылқы көлік, әскери құрал және әлеуметтік мәртебенің маңызды белгісі ретінде қызмет атқарды. Осы тұрғыда ер-тоқым қазақтың дәстүрлі қолөнерінің, эстетикалық талғамының және әлеуметтік-мәдени құрылымының көрнекті үлгісі болып табылады. Ер-тоқым тек утилитарлық қызмет атқарып қана қоймай, оның жасалу тәсілі, безендірілуі мен қолданылу ерекшеліктері арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің дүниетанымы мен мәдени құндылықтарын бейнелейді.

Қазақстан аумағындағы музей қорларында сақталған ер-тоқымдар – халықтың этнографиялық мұрасын зерттеуде құнды дереккөз болып табылады. Соның ішінде Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында жинақталған ер-тоқымдар Батыс Қазақстан өңіріне тән көшпелі және жартылай көшпелі мәдениеттің айқын көрінісін көрсетеді. Бұл бұйымдар өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын, шеберлік дәстүрін, сондай-ақ көршілес аймақтармен мәдени байланыстарын зерделеуге мүмкіндік береді.

Алайда музей қорларындағы ер-тоқымдарды кешенді тарихи-мәдени тұрғыдан талдауға арналған зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Көп жағдайда бұл жәдігерлер жалпы этнографиялық сипатта ғана қарастырылып, олардың типологиясы, көркемдік ерекшеліктері мен семантикалық мәні терең зерттеле бермейді. Осыған байланысты Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы ер-тоқымдарды ғылыми айналымға енгізу, олардың жасалу технологиясын, функционалдық және символдық қырларын талдау өзекті мәселе болып табылады.

Бұл мақаланың мақсаты – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы ер-тоқымдарды тарихи-мәдени тұрғыдан талдау арқылы олардың қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі орнын айқындау. Зерттеу нәтижелері қазақ этнографиясы, музейтану және мәдени мұраны сақтау салаларындағы ғылыми ізденістерді толықтыруға бағытталған.

Ер көлікті ерттеп мінуге қолданылатын әбзел түрі. Ердің ежелгі нұсқалары б.з.д. 2-1 мыңжылдықтарға тән археологиялық қазбаларға қарағанда жүн, киіз сияқты жұмсақ заттардан жасалған. Кейін қаңқасы ағаштан жасалған ер түрлері пайдаланыла бастады. Оның дәлелі ретінде ерте темір дәуірі кезеңіне тән археологиялық артефактілер қатарындағы үзеңгісіз қарапайым ағаш ерді айтуға болады. Ерте темір дәуірінің соңғы кезеңінде ердің құрылымында үлкен сапалық өзгерістер пайда болды. Әуелі мінер жақтағы үзеңгісі, содан кейін келесі жақтың үзеңгісі, кейін құйысқан, өмілдірік, керайыл сияқты әбзелдер қолданысқа енді [ҚЭКҰАДЖ. Т.2, 2017: 161].

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған ер-тоқымдар коллекциясының ішіндегі ең бірегей жәдігерлердің бірі – ғұн дәуіріне жататын, алтын мен күміс қоспаларынан дайындалған шытырлы (фольга) жапсыпмаларымен қапталған ер-тұрман ерекше болып табылады. Аталған тарихи бұйым халықаралық ғылыми конференциялар аясында ұйымдастырылған көрмелерде бірнеше мәрте көпшілік назарына ұсынылып, отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан жоғары ғылыми қызығушылық тудырды.

Ер-тоқымның құрылымдық ерекшеліктері, қолданылған материалдары мен жасалу техникасы ғұн кезеңіндегі ат-әбзелдерінің даму деңгейін, сондай-ақ көшпелі әскери мәдениеттің жоғары дәрежесін айғақтайды. Бұл археологиялық олжа Батыс Қазақстан аумағында өмір сүрген ғұн тайпаларының шаруашылық-әскери қызметін, атқа міну

мәдениетінің даму деңгейін және олардың таралу аймағын нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аталған дерек Еуразия кеңістігіндегі көшпелі қоғамдардың тарихи-мәдени сабақтастығын, дәстүрлер мен әскери-тұрмыстық тәжірибенің жалғастығын зерделеуде маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Аталған бірегей жәдігер 2018 жылы Ақтөбе қаласының солтүстігінде орналасқан айналма жолдың Елек өзені арқылы өтетін көпірінен шамамен 2,5 км оңтүстік-шығыс бағытта жатқан карьер аумағынан күм өндіру жұмыстары кезінде археологиялық нысан кездейсоқ анықталды. Жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында жерлеу орны аршылып, қабір ішінен алтынмен қапталған ат-әбзелдері табылды [НҚТ-17929 59].

Бұл олжа ғұн дәуіріндегі жерлеу дәстүрлері мен әскери ат-әбзелдерінің әлеуметтік маңызын айқындап қана қоймай, өңір аумағында ғұн тайпаларының болғандығын нақты археологиялық деректермен дәлелдеуге мүмкіндік берді.



Сурет 1. НҚТ-18085. Ғұн дәуірінің алтын, күміс қосындылары шытырымен (фольга) қапталған ері (фото Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).

Музей қорының негізгі тіркеу (НҚТ-18085) тізіміне енгізілген ғұн дәуірінің ері (сурет 1), кара түсті былғарымен қапталған сирек кездесетін құнды этнографиялық экспонат. Археологиялық деректерге сүйенсек, ердің негізін құрайтын ағаш бөлігі сақталмаған. Соған қарамастан, ердің реконструкциясы (қайта құрастырылуы) оның негізгі құрылымдық элементтерін анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ер алдыңғы және артқы қастардан, қапталдардан, сондай-ақ белағаштан тұрады. Алдыңғы қасы тік биік емес және де артқы қасы шалқалау әрі биік емес, бұл ғұн ат-әбзелдеріне тән ерте үлгіні көрсетеді. Ал белағаштан түзілген отырыңғы бөлігі қастарға жақын орналасып, ердің жалпы құрылымдық тұтастығын қамтамасыз еткен. Мұндай құрылым салт аттының ат үстінде еркін қозғалуына және садақ ату, найзаласу сияқты әскери әрекеттерді орындауына қолайлы болған.

Ердің алдыңғы қасының биіктігі 18 см, артқы қасы 13 см. Қапталдарының ұзындығы 47 см, ені 18 см.

Қастар дөңгелене иіліп, доғасының жоғарғы және артқы бөліктері жартылай алтын мен күміс қоспаларынан дайындалған шытыр жапсырмасымен қапталған. Ердің қапталдардың қастардан шығыңқы орналасқан бөлігі пуансон әдісі арқылы алтын мен күміс қоспаларынан дайындалған шытырмен үшбұрышты өрнектермен әшекейленген. Қастардың доғасының екі шеті мен ортаңғы бөліктеріне үш тізбелі көзді анар тастар орнатылған [НҚТ-17929. 59].

Бұл сәндік тәсілдер бұйымның көркемдік шешімін айқындап, дәстүрлі қолданбалы өнер элементтерінің сақталғанын көрсетеді.

Ер, ҚР Суретшілер одағының, Көркемөнер академиясының мүшесі, этнограф-қарутанушы Қ.С.Ахметжанның және де Санкт-Петербург мемлекеттік университеті және РФА Материалдық мәдениет тарихы институтының қалпына келтіруші-зерттеушісі Н.С. Кургановтың қатысуымен қайта құрастырылған.

Ердің сыртқы бөлігінде қолданылған алтын, күміс қаптама мен геометриялық бедерлер (үшбұрышты, ромб тәрізді өрнектер) ғұндардың сәндік-қолданбалы өнеріндегі кең тараған стильді айқындайды. Бұл элементтер археологиялық тұрғыда белгілі металл қапсырмалар мен алтын, күміс жалатылған әшекейлердің көркем бейнесін қайта жаңғыртады. Ердің қанкасының былғарымен қапталуы, көшпелі өмір салтына толық сай келеді.

Ғұн ері – тек тұрмыстық зат қана емес, көшпелі өркениеттің әскери-саяси және әлеуметтік болмысының көрінісі. Ғұн қоғамында ат – негізгі көлік, соғыс құралы және әлеуметтік мәртебенің белгісі болды. Сондықтан ер-тоқымның құрылымы мен әшекейленуі иесінің қоғамдағы орны мен әскери беделін айқындайтын нышан ретінде сонау б.з. ғасырларынан бастау алғанын дәлелдейді.

Бұл ердің реконструкциясы ғұндардың ауыр сауытты салт атты әскері әлі толық қалыптаса қоймаған кезеңін, яғни ерте көшпелі әскери тактиканы көрсетеді. Биік емес қас, үзеңгінің болмауы немесе өте қарапайым түрі – ғұн дәуірінің ерте кезеңіне тән белгілерін меңзейді. Бұл ғұндардың маневрге, жылдамдық пен қашықтан шабуыл жасауға (садақ ату) негізделген әскери жүйесін дәлелдеуі әбден мүмкін.

Сәндік элементтердегі геометриялық өрнектер ғұндардың дүниетанымымен де байланысты. Үшбұрыш, ромб тәрізді мотивтер космологиялық ұғымдарды, әлемнің құрылымын, қозғалыс пен мәңгілікті бейнелеуі мүмкін. Мұндай өрнектер кейінгі түркі халықтарының материалдық мәдениетінде де сақталып, сабақтастықтың айқын дәлелі болып табылады.

Сонымен қатар, ердің салтанатты көрінісі оның тек жауынгерлік емес, ритуалдық немесе элиталық сипатта қолданылғанын да жоққа шығармайды. Ғұн көсемдері мен ақсүйектерінің жерлеу кешендерінен табылған ат-әбзелдерінің бай әшекейленуі осыны растайды.

Ғұн дәуіріне тән ер-тұрманның қаңқалық құрылымы, әсіресе алдыңғы және артқы қастарының дөңгелене қалыптасуы, қазіргі заманғы ер-тұрман үлгілерімен өзара сабақтастықта екендігін көрсетеді және бұл ер шабу дәстүрінің көне ғасырлардан бастау алатынын дәлелдейді.



Сурет 2. НҚТ-16338. Қозы күйрық ер
(фото Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған қозы құйрық ер (сурет 2) негізгі бес бөліктен тұрады – алдыңғы қасы, артқы қасы, отырық бөлігі көннен (өңделген қалын былғары) тартылған (кейбір өңірлерде кісілігі деп те атайды) және қапталдарынан құралған [НҚТ 15840-16673. 299].

Ердің алдыңғы қасы (алдыңғы жағы) биік, дөңгеленіп келген, салт аттыны алға сырғытпай ұстап тұруға арналған. Артқы қасы (артқы жағы) да көтеріңкі, бұл ұзақ жүру кезінде жайлылық пен қауіпсіздік береді. Осымен қатар алдыңғы және артқы қастары биіктеп көтерілуі, салт аттының денесін тепе-тең ұстап тұруға да арналған. Бұл ерекшелік ұзақ жолға және әскери-салттық мінуге де бейімделгенін аңғартады. Отырық бөлігінің ойысы анатомиялық тұрғыдан қалыптастырылған, бұл салт аттының ыңғайлы отыруын қамтамасыз етеді. Ердің төменгі бөлігі жылқы арқасына түсетін салмақты біркелкі таратуға бағытталған. Бұл нәтижелердің барлығы қазағымыздың ұзақ жылдар бойғы жүйелі зерттеу жұмысы еңбегінің жемісі екенін дәлелдейді.

Ер-тоқымның барлық құрамдас бөліктерінің өлшемдері жылқының морфологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ иесінің тұрғылықты жері мен шығу тегіне байланысты есептелген. Аталған ердің алдыңғы қасының биіктігі 45 см, артқы қасы 18 см, қапталының ұзындығы 38 см, ені 9 см. Ердің алдыңғы қасынан керсеннің (*артқы қасының бөлігі, кейбір өңірлерде артқы қасын керсен деп те атайды*) артына дейінгі ұзындығы 38 см, ені 29 см.

Үзеңгісі темірден тұтас соғылған, ұзындығы 18 см, ені 12,5 см. Үзеңгінің табаны дөңгелек пішінде, ұзындығы 12 см, ені 13,5 см. Үзеңгінің қайыс бау тағылатын жоғарғы бөлігінен табанына дейінгі аралыққа мыс тәрізді металдан жасалған, ұзынша өсімдік тектес өрнекті жапсырма орнатылған.

Ердің сыртқы қабаты өңделген қоңыр-қара түсті қалың былғарымен қапталған. Былғарының беті ұзақ қолданудан табиғи тозу іздерін сақтаған, бұл бұйымның көне, әрі қолданыста болғанын көрсетеді.

Металл әшекейлері – көбінесе жез қорытпасынан жасалған. Олар шегелеу және бедерлеу тәсілдерімен бекітілген.

Ердің беткі бөлігінде өсімдік тектес және геометриялық ою-өрнектер кездеседі. Әсіресе ердің артқы қасы бөлігінде жапырақ тәрізді және радиалды симметриялы өрнектер кең қолданылған. Бұл өрнектер қазақтың дәстүрлі дүниетанымында өмір, өсім және қорғаныш ұғымдарымен байланысты.

Металл шегелер тек құрылымдық қызмет атқарып қана қоймай, сәндік элемент ретінде де пайдаланылған. Олардың симметриялы орналасуы эстетикалық үйлесімділікке мән берілгенін көрсетеді.

Ерге бекітілген былғары баулар мен металл ілгектер өмілдірік секілді қосымша жабдықтарды орнатуға арналған. Үзеңгі бау металл тоғасы көпқырлы пішінде соғу әдісімен жасалып, беріктігімен ерекшеленеді.

Аталған ер үлгісі көшпелі қазақ қоғамындағы салт міну мәдениетінің жоғары деңгейін айғақтайды. Мұндай ерлер тек көлік құралы ретінде емес, сонымен қатар әлеуметтік мәртебе, шеберлік және эстетикалық талғам көрсеткіші болған. Әшекейлеу деңгейі мен материал сапасы оның иесінің қоғамдағы орны жоғары болғанын меңзейді.

Ер XX ғасырдың басында қолданыста болған. Аталған экспонат музей қорының толықтырылуы мақсатында 2006 жылы Ақтөбе қаласының тұрғыны А.Б.Таласбаевадан қабылданылып алынды [НҚТ 15840-16673. 299].

Ат-әбзелдерін жасаумен айналысқан ерші шеберлерді өз дәуірінің тәжірибелі зерттеушілері, тіпті ер шабу ісінің ғалымдары деуге толық негіз бар. Себебі олар жылқы анатомиясын, оның қозғалыс биомеханикасын, сондай-ақ қолданылған материалдардың физикалық қасиеттерін терең меңгеріп, өз білімдерін үздіксіз тәжірибе арқылы жетілдіріп отырғанын, олардың ер шабу жұмыстарынан көруге болады.

Әрбір ат-әбзелі ұзақ уақыт жүргізілген бақылау мен сынақтың нәтижесінде қалыптасып, жылқының денсаулығын сақтау мен міну тиімділігін арттыруға бағытталды.

Осылайша, ат-әбзелдерін дайындаушылардың қызметі практикалық ғылыммен тығыз сабақтасып, эмпирикалық білімнің жинақталуына және дамуына елеулі үлес қосты.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына (НҚТ-17157/1) тіркелген қозықұйрық ер де (сурет 3) – өңірлік және республикалық көрмелерде көпшілік назарын аударған құнды музейлік жәдігерлердің бірі. Аталған ердің ерекшелігі – оның жасанды былғарымен қапталуы, бұл ХХ ғасырдың екінші жартысындағы тұрмыстық және өндірістік материалдарды қолдану үрдісін айқындайды. Ер-тоқымның құрылымы мен сыртқы әрлеуі дәстүрлі қазақ ерлерінің пішінін сақтай отырып, заманауи материалдардың енгізілуін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, жәдігер ұлттық ат-әбзелдерінің кезеңдік өзгерістерін зерделеуде маңызды дереккөз болып табылады.



Сурет 3. НҚТ-17157/1. Қозы құйрық ер
(фото Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).

Ердің алдыңғы қасының биіктігі 30 см, артқы қасы 18 см, қапталының ұзындығы 40 см, ені 9,5 см. Ердің алдыңғы қасынан керсеннің артына дейінгі ұзындығы 52 см, ені 30 см.

Үзеңгісі қоладан құйма әдісімен тұтас құйылған, ұзындығы 19,5 см, ені 5,5 см. Үзеңгінің табаны түзу сызық бойымен қалыптасқан элемент пішіндес, ұзындығы 15 см, ені 4,5 см. Ерге екі қабатты кеңестік кезеңде зауытта тігу машинасымен тігіп жасалынған үзеңгі баумен тағылған. Бұл үзеңгі ерекше күрделі, сәндік және көрнекілік мақсатында жасалынған. Бұндай үзеңгілер жиі мерекелік, салтанатты, жоғары мәртебелі тұлғаларға арналып жасалатын болған.

Ердің қаңқасы ағаштан шабылып, отырық бөлігі көнмен тартылған. сырты қара түсті жасанды былғарымен (терімен) қапталған. Қаптаманың біртұтас тартылып, тігіс іздерінің аз болуы жоғары кәсіби шеберлікті аңғартады.

Мұндай ер-тоқымдар, әдетте, күнделікті қарапайым шаруашылыққа емес, дәулетті адамдарға, салт-жоралғылық немесе алыс сапарларға арналған. Ердің құрылымдық ерекшеліктері оның көшпелі тұрмысқа бейімделгендігін айқын көрсетеді. Алдыңғы қасының биік көтеріліп, артқы қасының жайпақ келуі салт мінуге қолайлылықты қамтамасыз етіп, ұзақ қашықтыққа жүруге төзімді құрылым қалыптастырады. Қасы мен қапталдарының жұмырланып келуі, сондай-ақ отырғыш бөлігінің кеңдігі атқа отыру мен жүру барысында адамның дене қалпын тұрақтандырып, көшпелі өмір салтына тән практикалық талаптарға жауап береді. Бұл белгілер қазақтың дәстүрлі ер-тоқым үлгілеріне тән классикалық форма ретінде сипатталады.

Ердің көркемдік безендірілуінде ақ түсті металл шегелер негізгі сәндік құрал ретінде қолданылған. Шегелер ердің жиегі бойымен, алдыңғы және артқы қас бөліктерінде, сондай-ақ қапталдарында симметриялы түрде орналасып, композициялық үйлесімділік тудырады.

Мұндай безендіру тәсілі қазақ ершілерінің дәстүрлі шеберлік тәжірибесіне тән дәстүрлі әдістердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар ердің қапталдары мен алдыңғы қасының жоғарғы бөлігін бойлай дөңгелек пішінді, жапырақ тәрізді сары түсті металл сәндік элементтер (мүмкін, мыс не жез негізді әшекей) бекітілген. Аталған сәндік бөлшектер ерді әлеуметтік-статустық нысан ретінде айқындап, оның иесінің қоғамдағы орнын білдіретін белгілердің бірі ретінде қарастырылады. Әшекейлеу барысында геометриялық ырғақ пен симметрияның сақталуы көшпелі өнерге тән композициялық тұтастық пен көркемдік жүйелілікті айғақтайды.

Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл типтегі ерлер XX ғасырдың басында кең тараған деп жорамалдауға болады. Бұл кезеңде дәстүрлі ер жасау өнері өзінің кемеліне келіп, сәндік элементтермен байи түскен. Сонымен қатар, металл әшекейлердің көп қолданылуы отырықшы мәдениет пен зергерлік өнер ықпалының күшейгенін көрсетеді.

Аталмыш ерді 1983–1984 жылдары Ырғыз ауданының бұрынғы тұрғыны С. Қалтаевқа сыйға берілген. 2015 жылы музей қорына оның баласы Қайыржан тарапынан тапсырылған [НҚТ 16674-17200. 220].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ ер-тұрманы көшпелі өмір салтына толық бейімделген дәстүрлі бұйым ретінде қалыптасты. Бұл кезеңдегі ер-тұрмандар ағаштан шабылып, былғарымен қапталып, күміс, сүйек, ою-өрнек элементтерімен безендірілді. Ердің түрлері (кұранды ер, қазақ ер, найман ер т.б.) аймақтық ерекшеліктерге сай жасалып, салт аттылыққа, ұзақ жолға және әскери мақсаттарға ыңғайлы болды. Ер-тұрман тек тұрмыстық зат қана емес, әлеуметтік мәртебе мен этномәдени болмыстың көрінісі ретінде маңызды рөл атқарды.

Кеңестік кезеңде ер-тұрман жасау дәстүрі елеулі өзгерістерге ұшырады. Ұжымдастыру, отырықшылыққа көшу және ат көлігінің маңызының төмендеуі нәтижесінде дәстүрлі ер-тұрманның қолданылу аясы тарылды. Бұл кезеңде ер-тұрмандар өндірістік үлгіде, қарапайым әрі функционалдық сипатта жасалып, ұлттық көркемдік элементтер айтарлықтай азайды. Көркем безендіруден гөрі практикалық қолданысқа басымдық беріліп, дәстүрлі шеберлік сабақтастығы әлсіреді.

Осылайша, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы ер-тұрман этномәдени дәстүрдің көрінісі болса, кеңестік кезеңде ол тұрмыстық және шаруашылық құрал деңгейінде қарастырылды.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында Монголиядан келген екі қасы да биік ер де сақтаулы (сурет 4). Ердің Шығыс және Орталық қазақстан өңірінде кен таралған айбас (немесе найман) ер үлгісімен ортақ белгілері айқын байқалады.

Аталған бұйымды Монғолияның Баян-Өлгей аймағынан Қазақстанға қоныс аударған Еркеназ Жайсан атты азаматша өз көршісі А.Т. Байтақова арқылы музей қорына тапсыруға берген.



Сурет 4. НҚТ-17898/1. Монголиядан келген екі қасы да биік ер (фото Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).

Ерге қатысты ауызша тарихи деректерге сәйкес, Ж. Еркеназдың нағашы атасы 1937 жылдары Шығыс Қазақстан облысының қазіргі Зайсан ауданы аумағындағы Қаратал совхозында қоныстанған. Кеңестік билік жүргізген тәркілеу және саяси қуғын-сүргін науқандары кезінде Әйкен есімді атасы қарсылық көрсеткені үшін орыс солдаттары тарапынан атып өлтірілген. Осы оқиғалардан кейін қуғынға ұшыраған нағашы атасы Нұрдыбай Түсбайұлы Қытай жеріне қоныс аударуға мәжбүр болған. Қытай аумағында орын алған әлеуметтік және тұрмыстық қиындықтарға байланысты Түсбайұлы Нұрдыбай кейіннен аталған ер-тоқымды атына ерттеп, Монғолия жеріне көшіп барғаны жөнінде ауызша деректер сақталған. Алайда ер-тоқымның нақты Қазақстан аумағынан алып шыққаны немесе Монғолия жерінде пайдаланылғаны туралы ұрпақтары арасында нақты әрі дәлелді деректер сақталмаған.

Монғолия аумағында таралған ер-тұрман үлгілері Қазақстанның Шығыс өңіріне тән және Орталық Қазақстанда кеңінен қолданылған ер-тұрмандармен құрылымдық, көркемдік әрі функционалдық тұрғыдан айқын ұқсастықтарға ие. Әсіресе кең таралған айбас ер үлгісімен ортақ белгілердің көптігі байқалады. Атап айтқанда, ердің қаңқалық құрылысы, қастарының пішіндік ерекшеліктері, ағашты өңдеу тәсілдері мен әшекейлеу элементтері көшпелі мәдениетке тән ортақ дәстүрлердің сақталғанын көрсетеді. Бұл ұқсастықтар тарихи-мәдени байланыстардың, этникалық сабақтастықтың және ортақ шаруашылық жүйенің нәтижесінде қалыптасуы мүмкін.

Алайда музейлік ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында ер-тоқымның жасалу ерекшеліктері Шығыс және Орталық Қазақстан өңірлеріне тән дәстүрлі ат-әбзелдерімен салыстырмалы түрде талданды. Ат-әбзелінің иесінің қазақ жерінің тумасы екендігі де ескерілді. Зерттеу нәтижелері, сондай-ақ аталған өңірлерде сол замандарда металл кен орындарының кең таралуын ескере отырып, бұл бұйымның қазақ жеріне тән екендігін көрсетеді.

Бұл жерде аталған ер-тоқым бұйымы бір әулеттің ғана емес, тұтас бір тарихи кезеңнің тағдырлы оқиғаларын бойына жинақтаған құнды этнографиялық жәдігер екені айқындалады. Иесінің қуғын-сүргін, босқыншылық және әлеуметтік күйзелістерге толы ауыр кезеңдерді бастан өткеруіне қарамастан, ат-әбзелін өзімен бірге алып жүруі оның тұрмыстық қажеттіліктен тыс, рухани әрі символдық мәнге ие болғанын көрсетеді. Шамамен бір ғасырға жуық уақытты қамтитын бұл ер-тоқым XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының көші-қон үдерістерін, тарихи жадын және дәстүрлі материалдық мәдениетін нақты айғақтайтын маңызды музейлік жәдігер ретінде ғылыми тұрғыда жоғары бағаланады.

Аталған ердің алдыңғы қасының биіктігі 30 см, артқы қасы 22 см, қапталының ұзындығы 48 см, ені 10 см. Ердің алдыңғы қасынан керсеннің артына дейінгі ұзындығы 38 см, ені 30 см.

Ер толықтай қатты қарағашынан жасалып, негізгі бөліктері алдыңғы, артқы қастар, екі қапталдардан және де отыру ойығы белағашынан біртұтас құрылым ретінде құрастырылған. Ағаш бөлшектер бір-біріне шегесіз, қайыс баулар арқылы бекітілген. Бұл – көшпелі ортаға бейімделген, серпімді әрі берік технологиялық шешім. Ағаш бетінде құрал іздері мен қолмен өңдеу белгілері айқын сақталған. Бұл оның фабрикалық емес, шебер қолынан шыққанын дәлелдейді.

Ердің алдыңғы және артқы қастары биік көтеріліп, ортасы терең ойылған. Мұндай пішін салт аттының орнықты отыруын қамтамасыз етіп, ұзақ жолға ыңғайландырылып жасалынған.

Қаптал мен қастардың шеткі бөліктері металл қаптамамен (темір) көмкерілген. Металл шегелердің қолдан соғылғаны байқалады. Кейбір жерлерде темірдің тотығуы мен тозуы бұйымның ұзақ уақыт пайдаланылғанын көрсетеді.

Алдыңғы қастың сыртқы бетінде қызыл түсті бояумен салынған өсімдік тектес ою-өрнек бар. Ою симметриялы, иірім пішінді, дәстүрлі көшпелі сәндік өнерге тән «қошқармүйіз» немесе соған жақын мотивтерді еске салады. Бұл өрнек ердің қолданылуында тек тұрмыстық емес, әлеуметтік-статустық маңызға ие болғанын аңғартады.

Ердің төменгі беті аттың жонына дәл келетіндей ойылған. Қапталдарында қайыс өткізуге арналған тесіктер мен ойықтар бар, бұл үзеңгі бауларын бекітуге арналған. Ердің ішкі бетінде де қайыс арқылы бекітілген ағаш элементтер көрінеді, бұл оның бірнеше бөліктен құрастырылғанын дәлелдейді.

Отыру аймағы салыстырмалы түрде тар әрі терең, бұл жауынгерлік немесе ұзақ көш жолына арналған ер типіне жақын екенін көрсетеді. Берілген ер-тоқым типологиялық жағынан қазақтың дәстүрлі ағаш ерлерінің қатарына жатады. Мұндай ерлер XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында кең таралған. Әсіресе Орта жүз бен Ұлы жүз аймақтарында биік қасты, ауырлау ағаш ерлер жиі қолданылған.

Ердің құрылымы көшпелі өмір салтының негізгі талаптарына – беріктікке, жөндеуге ыңғайлылыққа және ат пен адамға түсетін салмақты тең бөлуге толық сай келеді. Бұл бұйым қазақтардың атқа міну мәдениетінің жоғары деңгейде дамығанын айғақтайды.

Тарихи оқиғалардың куәгері болған ер, 2022 жылы музей қорына Алға ауданының тұрғыны А.Т. Байтасовадан сый ретінде қабылданып алынды [НҚТ-17201-17929. 297].

Бұрынғы шеберлердің қолынан шыққан дәстүрлі ер-тұрмандарды зерттеу қазақ халқының қолданбалы өнері мен материалдық мәдениетінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Шеберлерден қалған деректер, музей қорларындағы үлгілер және этнографиялық сипаттамалар ер жасауда ағашты таңдау, оны өңдеу, сүйек, күміс, былғарымен әшекейлеу тәсілдерінің аса жетілген жүйесін айқындайды. Әр өңірге тән ер түрлерінің құрылымдық айырмашылықтары мен ою-өрнек мәнері шебердің тәжірибесі мен эстетикалық талғамын танытады.

Осы дәстүрлі үлгілерді негізге ала отырып, қазіргі шеберлердің жасаған ерлері тарихи сабақтастықты сақтаумен ерекшеленеді. Бүгінгі ер-тұрмандарда бұрынғы пішін мен негізгі құрылым сақталғанымен, заманауи құралдар мен жаңа технологиялар қолданылып, беріктігі мен ыңғайлылығы арттырылған. Сонымен қатар, сәндік элементтерінде дәстүрлі ою-өрнек ықшамдалып, қазіргі талғамға бейімделген. Бұл үрдіс ұлттық мұраны жаңғырту мен оны қазіргі мәдени кеңістікке енгізудің тиімді жолы ретінде бағаланады.



Сурет 5. НҚТ-18142/1 (фото Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).

Музейдің негізгі қоры) қазақтың дәстүрлі ашамайыменде толықтырылған болатын (сурет 5). Ашамай – қазақ халқының дәстүрлі ат-әбзелдерінің бірі болып табылатын, баланы атқа мінуге үйрету мақсатында қолданылған ердің қарапайым әрі қауіпсіз түрі. Құрылысы жағынан ашамай дәстүрлі ерге ұқсас, оның алдыңғы және артқы қастары, қапталдары мен оқпаны болады. Дегенмен ашамайдың негізгі ерекшелігі – үзеңгінің болмауы. Оның орнына баланың аяғын тіреуге арналған тепкішек пайдаланылады, бұл жас баланың ат үстінде тұрақты әрі қауіпсіз отыруына жағдай жасайды. Тепкішек киізден тігілген шағын қоржын тәрізді бұйым болып, көбіне сәндік мақсатта әртүрлі матамен қапталып әсемделеді. Сонымен

қатар ашамайдың беріктігін қамтамасыз ететін маңызды бөлшектердің бірі – қолтырмаш. Ол алдыңғы және артқы қастарды өзара байланыстырып, құрылымның тұтастығын сақтай отырып, баланың тепе-теңдігін ұстап тұруына ықпал етеді.

Аталған ашамайдың алдыңғы және артқы қастары қошқар мүйізді немесе жануар басын елестететін зооморфты бейнелермен ойылып безендірілген. Бұл – көшпелі мәдениетке тән көркемдік дәстүрдің айқын көрінісі. Қас пен қаптал арасындағы байланыс қайыспен байланған, бұл тәсіл ердің серпімділігін арттырып, баланың қозғалысы кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ағаш беті өңделіп, табиғи қоңыр түске келтірілген, лак немесе қалың бояу қолданылмағаны байқалады. Бұл – дәстүрлі ер жасауда кең тараған әдіс, себебі табиғи материал баланың денсаулығына зиянсыз әрі ұзақ уақыт пайдалануға төзімді.

Ашамайдың алдыңғы қасының биіктігі 30 см, артқы қасы 25 см, қапталының ұзындығы 43 см, ені 10,5 см. Музей қорын толықтыру мақсатында 2025 жылы тері бұйымдарының шебері Н.Жақыбаевтан қабылданып алынды [НҚТ-17929-18145. 72].

Ашамай ер қазақ қоғамында тек тұрмыстық бұйым ғана емес, тәрбиелік және символдық мәні бар мәдени нысан ретінде қарастырылады. Ол, әдетте, баланы 3–5 жас шамасында алғаш рет атқа отырғызу рәсімінде қолданылған. Бұл «ашамайға мінгізу» деп аталып, шағын салт-жоралғымен, бата берумен, сый-сияпатпен қатар жүретін.

Тарихи тұрғыдан ашамай ер көшпелі өмір салтына бейімделген әлеуметтік институттың бір бөлігі болды. Атқа ерте міну – баланы еркіндікке, қозғалысқа, төзімділікке және болашақ жауынгерлік өмірге дайындаудың алғашқы сатысы саналған. Осы тұрғыда ашамай ер баланың әлеуметтену құралы қызметін атқарды.

Көркемдік элементтеріне назар аударсақ, ер қастарындағы зооморфты бейнелер мен мүйіз тәрізді өрнектер көне түркілік дүниетаныммен тікелей байланысты. Қошқар мүйіз – молшылықтың, күш-қуаттың, қорғаушы рухтың символы. Баланың еріне мұндай бейнелерді қолдану оның жолы ашық, өмірі берекелі болсын деген ырымдық түсініктен туындаған.

Материалдық мәдениет тұрғысынан ашамай ер – қазақтың ағаш өңдеу, тері илеу және көркем оймыш өнерінің тоғысқан үлгісі. Оның қарапайым, бірақ функционалды құрылымы көшпелі қоғамның практикалық ойлау жүйесін көрсетеді.

Берілген ашамай ер үлгісі – қазақ халқының дәстүрлі ат-әбзелдері мәдениетінің құнды мұрасы. Ол баланы атқа мінуге үйретумен қатар, ұрпақ сабақтастығын, тәрбиелік идеалдарды және символдық дүниетанымды бойына сіңірген. Ғылыми тұрғыдан алғанда, ашамай ерді зерттеу көшпелі қоғамдағы бала тәрбиесі, қолөнер технологиясы және көркемдік таным мәселелерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді.



Сурет 5. НҚТ-17013/1. Үйрекбас ер
(фото Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).

Ер ағаш қаңқадан құрастырылып, алдыңғы, артқы қастардан, қапталдардан және отырыңқы бөлігі болып табылатын белағаштан тұратын қоңыр-қара түсті былғарымен қапталған үйрекбас ер музей қорында тіркелген (сурет 5). Ердің үсті қалың былғарымен қапталған, алдыңғы, артқы қастарының шеткі бөліктері мен қапталдары және негізгі жүктеме аймақтары өсімдік өрнекті металл шегелермен бірге, қосымша ретінде жіңішке ұзындау шегелермен де тізбектеліп бекітілген. Алдыңғы және артқы қастары биіктеу, отырғыш бөлігі терең ойылған, бұл салт атпен ұзақ жүруге ыңғайлы эргономикалық пішінді көрсетеді. Үзеңгісі темірден соғылған, пішіні қарапайым, бірақ берік, ал қайыс баулары екі қабатталған табиғи өңделген теріден жасалынған.

Ердің алдыңғы қасының биіктігі 45 см, артқы қасы 22 см, қапталының ұзындығы 43 см, ені 9,5 см. Ердің алдыңғы қасынан керсеннің артына дейінгі ұзындығы 41 см, ені 33 см.

Үзеңгінің ұзындығы 13,5 см, ені 15 см. Табаны дөңгелек пішінде, ұзындығы 11,5 см, ені 3,5 см. Ерге екі қабатты үзеңгі баумен бекітілген.

Тарихи-мәдени тұрғыдан алғанда, мұндай ер көшпелі қазақ қоғамындағы аттың басты көлік әрі әлеуметтік мәртебе нышаны болғанын айғақтайды, ердің құрылымы жауынгерлік және шаруашылық мақсатқа бірдей бейімделген, ал сәндік металл шегелер мен нақыштар иесінің жасын, әлеуметтік жағдайын немесе аймақтық дәстүрін білдіруі мүмкін. Бұл бұйым дәстүрлі қазақ ат-әбзелдерінің функционалдылық пен эстетиканы ұштастырғанын, сондай-ақ тері өңдеу, ағашшылық және теміршілік өнерлерінің өзара сабақтастығын көрсететін құнды этнографиялық дерек көзі болып табылады.

Музей қорына 1957 жылы Мәскеуде болған халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне (ВДНХ) қатысқан, сондай-ақ аңшылықпен шұғылданған Мұғаджар ауданының тұрғыны Елтезеров Барсай сыйға тапсырған. Бұйым 1964 жылы иесінің арнайы тапсырысы бойынша жасалған, шебері белгісіз [НҚТ 16674-17200. 160]

Қозықұйрық, үйрекбас және айбас ер-тұрмандар – қазақтың дәстүрлі ат-әбзелдеріндегі пішіндік-атаулық ерекшелігімен дараланатын түрлер. Қозықұйрық ер атауы қастың артқы бөлігінің қозының құйрығындай жұмырланып, төмен қарай созыла жасалуына байланысты қалыптасқан; ол көбіне Батыс және Орталық Қазақстанда таралған, салмақты, орнықты отырысымен ерекшеленеді. Үйрекбас ер алдыңғы қасының үйректің басына ұқсас алға созылық, имектеу келуімен аталған, Жетісу мен Шығыс Қазақстан өңірлерінде жиі қолданылған, жеңілдеу әрі жүріске икемді. Айбас ер қасының ай тәрізді дөңгелене иілуінен шыққан атауға ие, Оңтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстан аймақтарда көбірек таралған, салт мінуге қолайлы, сәндік-әшекейлік элементтері басым. Аталған ер-тұрмандардың айырмашылығы негізінен қас пішіні, салмақ үйлесімі мен өңірлік қолданысында көрініс табады, ал атаулары халықтық бейнелі ойлау мен тұрмыстық тәжірибеге сүйенген.



Сурет 7. ГКП-12113. Қалың былғарымен қапталған киіз тоқым (фото Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан).

Музей қорына қоңыр-қара түсті қалың былғарымен қапталған киіз тоқым да (сурет 7) тіркеліп, ат-әбзелдер коллекциясын толықтырған болатын. Аталған жәдігер музейге С. Күзенбаевтың сыйға тартуы арқылы келіп түскен. Тоқым Махамбет есімді шебердің шығармашылығы [НҚТ-9621-12131. 358].

Тоқым – дәстүрлі қазақ ер-тұрманының құрылымдық жүйесінде маңызды орын алатын негізгі құрамдас бөліктердің бірі. Тоқымның жалпы пішіні симметриялы, екі жақты, ортасы ойық болып келеді, бұл оның аттың арқасына дәл орналасуына және ердің тұрақты тұруына арналғанын көрсетеді. Жоғарғы беті қалың, өңделген қоңыр-қара түсті былғарымен қапталған, жиектері мен негізгі құрылымдық сызықтары бойлай ірі қайыс жіппен, қолмен тігілген тігістермен бекітілген.

Тоқымның ат жауырынына түсетін төменгі беті ақшыл түсті киізден жасалған. Киіз қабаты аттың арқасын терден, үйкелістен қорғап, салмақты біркелкі тарату қызметін атқарған. Киіз бен былғары бөліктерінің біріктірілуінде қайыс бекітпелер пайдаланылғаны байқалады. Орталық ойық бөлігінде және жиек тұстарында айқын тозу іздері бар, бұл тоқымның ұзақ уақыт бойы іс жүзінде қолданылғанын дәлелдейді.

Құрылымына қарай, бұл тоқым қатты негізді, қалың тоқымдар тобына жатады. Мұндай үлгілер көбіне жорыққа, көшке немесе ұзақ сапарларға арналған ерлермен бірге пайдаланылған.

Тоқым – ер мен ат арқасының арасындағы буферлік қабат қызметін атқаратын маңызды ат-әбзелдерінің бірі. Оның негізгі міндеті – аттың арқасын механикалық зақымданудан қорғау, ердің орнықтылығын қамтамасыз ету және салмақты біркелкі бөлу арқылы аттың жұмысқа төзімділігін арттыру. Тоқым дайындауда қалың киіз бен былғарының үйлесімді қолданылуы бұйымның беріктігі мен практикалық қасиетін күшейткен. Мұндай тоқымдар сәндік немесе әлеуметтік мәртебені айқындаудан гөрі, ең алдымен функционалдық қажеттіліктерге сай жасалып, көшпелі өмір салтының талаптарына толық жауап берген.

Қазақтың көшпелі мәдениетінде ат пен ер-тұрман кешені ерекше символдық және практикалық мәнге ие. Тоқым – сол кешеннің ең көне элементтерінің бірі. Этнографиялық деректерге сүйенсек, киіз бен былғарыдан жасалған тоқым түрлері ерте түркі дәуірінен бастап кең таралған.

Берілген тоқым үлгісі көркем әшекейдің аздығымен, қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Бұл оның салтанаттық емес, шаруашылық немесе әскери мақсатта қолданылғанын көрсетеді. Мұндай тоқымдар көбіне мал шаруашылығымен айналысқан қауымда, жорықшы немесе көшпелі ортада пайдаланылған.

Материал таңдауы (табиғи былғары мен киіз) қазақтың экологиялық ойлау жүйесін, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану дәстүрін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, қолмен тігу техникасы мен құрылымдық шешімдер халықтық қолданбалы өнердің жоғары деңгейін дәлелдейді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, мұндай тоқымдар ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ тұрмысының нақты заттық айғағы ретінде бағалы дерек көзі болып табылады.

Қорытынды.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы ер-тоқымдар қазақ этнографиясы мен музейтану саласындағы ғылыми зерттеулер үшін аса құнды дереккөз болып табылады. Оларды кешенді түрде зерттеу, ғылыми айналымға енгізу және кең аудиторияға таныстыру ұлттық мәдени мұраны сақтау мен жаңғыртудың маңызды бағыты болып саналады. Бұл зерттеу болашақта ат-әбзелдер типологиясын тереңдетуге, олардың семантикалық мәнін ашуға және қазақ халқының көшпелі өркениетін жан-жақты зерделеуге негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТ

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т.2 Алматы: «Алем Даму Интеграция», 2017 602 бет. (ҚЭЖАДЖ. 2017)

Негізгі қордың түсімдер кітабы 17929. (11 қосымша). Сақталуы: тұрақты. Басталуы: 2022 жыл.

Негізгі қордың түсімдер кітабы 15840-16673. (11 қосымша). Сақталуы: тұрақты. Басталуы: 2001 жыл. Аяқталуы: 2009 жыл.

Негізгі қордың түсімдер кітабы 17201-17929. (11 қосымша). Сақталуы: тұрақты. Басталуы: 2009 жыл. Аяқталуы: 2017 жыл.

Негізгі қордың түсімдер кітабы 17929-18145 (11 қосымша). Сақталуы: тұрақты. Басталуы: 2022.

Негізгі қордың түсімдер кітабы 16674-17200. (11 қосымша). Сақталуы: тұрақты. Басталуы: 2009 жыл. Аяқталуы: 2017 жыл.

Негізгі қордың түсімдер кітабы 9621-12131. (11 қосымша). Сақталуы: тұрақты. Басталуы: 1982 жыл. Аяқталуы: 1991 жыл.

REFERENCES

Main Collection Acquisition Register No. 17929 (Appendix 11). Storage status: permanent. Starting year: 2022. (In Kazakh)

Main Collection Acquisition Register Nos. 15840–16673 (Appendix 11). Storage status: permanent. Starting year: 2001. Ending year: 2009. (In Kazakh)

Main Collection Acquisition Register Nos. 17201–17929 (Appendix 11). Storage status: permanent. Starting year: 2009. Ending year: 2017. (In Kazakh)

Main Collection Acquisition Register Nos. 17929–18145 (Appendix 11). Storage status: permanent. Starting year: 2022. (In Kazakh)

Main Collection Acquisition Register Nos. 16674–17200 (Appendix 11). Storage status: permanent. Starting year: 2009. Ending year: 2017. (In Kazakh)

Main Collection Acquisition Register Nos. 9621–12131 (Appendix 11). Storage status: permanent. Starting year: 1982. Ending year: 1991. (In Kazakh)

The Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts, and Terms. Encyclopedia. Vol. 2. Алматы: «Алем Даму Интеграция», 2017. 602 p. (TSTKETT, 2017). (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Талжанов Қайрат Әбенұлы – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің қазіргі заман тарихы бөлімінің кіші ғылыми қызметкері (Ақтөбе қаласы, Ораз Тәтеұлы көшесі 3, Қазақстан). E-mail: kayrat_talzhanov@mail.ru

Сведения об авторе: Талжанов Қайрат Абенович – младший научный сотрудник отдела новейшей истории Актюбинского областного историко-краеведческого музея (г. Актөбе, улица Ораза Татеулы, 3, Казахстан). E-mail: kayrat_talzhanov@mail.ru

Information about the author: Kairat A. Talzhanov – Junior Researcher at the Modern History Department of the Aktobe Regional Museum of History and Local Lore. Historian. (Aktobe city, 3 Oraz Tateuly Street, Kazakhstan). E-mail: kayrat_talzhanov@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.02.2026.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 02.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 12.03.2026